

*Бұл мониторинг депозиттердің түрлері және мөлшерлемелері туралы жалпы ақпарат беруге бағытталған. Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры (ҚДКБҚ, Қор) алдарыңыздағы деректердің қанишалықты дәл, толыққанды, шынайы және өзекті екендігіне кепілдік бере алмайды. Өйткені олар екінші деңгейдегі банктердің сайттарына жасалған мониторинг негізінде алынған. Сонымен банк салымы шартын жасамай тұрып, таңдау жасалған банк туралы ақпараттарды нақтылап, нысықтап алу қажет. Тағы да еске саламыз, банктегі таңдап алынған салымға ақша салмай тұрып, сол депозиттің табыстылығы ғана емес, банктің өзінің қаржылық ахуалы қандай екендігін ескерген дұрыс болады. Мәлімет үшін: ҚДКБҚ сайтында банктердің рейтингі туралы ақпарат та жарияланған (<https://kdif.kz/kz/finansovaya-gramotnost/rating/>). Бұл банктер – Қазақстанның депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы қаржы институттары. Ал рейтингтерді халықаралық рейтингтік агенттіктер берген. Жинақ ақша туралы саналы шешім қабылдау үшін ҚДКБҚ шарттың талаптарын, оның ішінде депозитті толықтыру, одан қаражатты мерзімінен бұрын толық және ішінара алу талаптарын мұқият оқуға кеңес береді.*

## **Жеке тұлғалардың теңгелік депозиттері бойынша 2024 жылғы тамыздағы сыйақы мөлшерлемелері**

*(депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің сайттарына мониторинг жүргізу негізінде)*

### **Банктердің сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру барысына жасалған шолу**

**2024.05.08 қарай қалыптасқан деректер**

Өткен аймен салыстырғанда 2024 жылдың тамыз айында депозит нарығында сыйақы мөлшерлемелері былайша өзгерді:

- 6 банк өздерінің жинақ депозиттері бойынша;
- 5 қатысушы банк – мерзімсіз депозиттері бойынша;
- 1 банк мерзімді депозиттер бойынша мөлшерлемелерін қайта қарады.

Атап өту керек, әрбір банк өзінің депозиттік өнімдері бойынша сыйақылардың қандай болатындығын өзінің ішкі депозиттік саясатына сүйене отырып, өзі шешеді. Дегенмен банктер Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі мен нарыққа қатысушы басқа да банктердің мөлшерлемелеріне қарап, бағдар түзейтіндігі белгілі.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2024 жылдың 15 шілдесінде базалық мөлшерлемені биылғы жылдың басына қарай белгіленген 15,75%-дан 14,25%-ға дейін төмендеткен болатын. Осыған байланысты депозит нарығында мөлшерлемелердің біртіндеп төмендеп жатқандығы байқалады. Бұл жерде

банктер үшін нағыз бәсекелі салымға айналып жатқан қаржы құралы – жинақ салымдар. Әрбір банк осы салым бойынша барынша тартымды мөлшерлемелер ұсынуға тырысуда.

## Мерзімсіз салымдар<sup>1</sup>


ДКБЖ-ге қатысушы 19 банктің 16-ысы мерзімсіз салымдар ашады. Тамызда 11 қатысушы банк мерзімсіз депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін өзгеріссіз қалдырды. Ал 5 қатысушы банк сыйақы мөлшерлемелерін төмендету жағына қарай қайта қарады, олардың ішінде:

- 2 қатысушы банктің (активтерінің мөлшері бойынша нарықта алатын үлесі 4%) әрқайсысы 0,2 пайыздық тармақтарға (п.т.) дейін азайтты;
- 3 қатысушы банк (активтерінің мөлшері бойынша нарықта алатын үлестері 3%-дан төмен) 0,1-0,5 п.т.-қа төмендетіп отыр.

Нәтижесінде өткен аймен салыстырғанда тамыз айында сегмент бойынша орташа мөлшерлеме шілде айындағы 14,2%-дан тамызда – 14,1%-ға дейін төмендеді. Ал банктердің мөлшерлемелері бойынша іріктеу ауқымы<sup>2</sup> 0,2 п.т.-қа – қысқарып, 1,5 п.т. құрады (максималды мөлшерлеме – 15,0%, минималды – 13,5%). Аталмыш іріктемеге екі кішкентай банктің мөлшерлемелері енгізілмеді. Бұл банктердің ақшалай қоры негізінен заңды тұлғалардың салымдары есебінен құралады. Сәйкесінше олар мерзімсіз салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемесін инфляция деңгейінде немесе одан төмен деңгейде ұсынады.

Мерзімсіз депозиттер бойынша (салымдардың басқа түрлерімен салыстырғанда) ең аз жоғары сыйақы мөлшерлемелері ұсынылатындығына қарамастан, олар өздерінің икемді талаптарының арқасында халық арасында әлі де өте сұранысқа ие.

**1-графика. Банктердің мерзімсіз депозиттер бойынша ұсынатын мөлшерлемелері (2024 ж. тамызы)**



<sup>1</sup> мерзімдік талаптарға сәйкес келмейтін депозит - белгіленген мөлшерлеме бойынша депозит, талап еткенге дейінгі депозиттерді қоспағанда оны мерзімінен бұрын алу үшін айыппұл жеке тұлғалардың қайтадан тартылған депозиттері бойынша максималды сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін анықтау және бекіту әдістемесінде (Әдістеме) көзделген ең төменгі айыппұлдан төмен болады немесе мүлдем болмайды

<sup>2</sup> іріктеменің максималды және минималды элементтерінің арасындағы айырмашылық

### Мерзімді депозиттер<sup>3</sup>

Қазіргі уақытта депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы 19 банктің төртеуі толықтыру құқығы бар мерзімді салымдарды ашады. Депозиттердің бұл түрі бойынша ұсыныстардың көпшілігі қысқа мерзімдерге тура келеді – соңғы айын қоса алғанда 12 айға дейінгі мерзімдер. Толықтыру құқығы бар мерзімді депозитті орналастыру туралы ұсыныс тек бір ғана әмбебап банкте ғана бар. Бұл ретте ұсынылған мөлшерлемелер инфляция деңгейінен төмен.


2024 жылдың тамызында толықтыру құқығы бар қысқа мерзімді депозиттер бойынша өзгеріс тек бір ғана корпоративтік банкте ғана тіркелді. Үш айлық мерзім бойынша мөлшерлемелердің бірден 3,2 п.т.-қа төмендегені байқалады.

Сегмент бойынша банктер арасында мөлшерлемелер мәні мерзімге қарай қатты ерекшеленеді: 7,0%-дан (24 айға) 17,0%-ға дейін (6 айға). Сегмент бойынша орташа мән мерзімсіз депозиттер бойынша мөлшерлемелер мен ҚРҰБ базалық мөлшерлемесіне жақын және 14,2%-ды құрайды.

Үстінен ақша салуға болмайтын мерзімді депозиттерді 2024 жылдың тамызында ешбір қатысушы банк аспаған.

Мерзімді депозиттер бойынша ұсыныстардың саны аз болғанымен, бұл сегмент дамуға деген әлеуеті жоғары. Өйткені депозиттердің бұл түрі бойынша табыстылық деңгейі мерзімсіз салымға қарағанда едәуір жоғары және жинақ депозитермен салыстырғанда икемді.

**2-графика. Толықтыру құқығы бар мерзімді салымдар бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер (2024 ж. тамыз)**




<sup>3</sup> мерзімділік талабына сәйкес келетін депозит - шарттың талаптары бойынша Әдістемде көзделген ең төменгі айыппұлдан кем емес мөлшерде мерзімінен бұрын алу үшін айыппұл салатын белгіленген сыйақы мөлшерлемесімен депозит.

## Толықтыру құқығы бар жинақ депозиттер

19 қатысушы банктің 9-ы үстінен ақша салуға болатын жинақ салымдарды ашады. Тамызда банктер толықтыру құқығы бар депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарамады.

Қатысушы банктер мерзімі жарты жылдық депозиттер бойынша едәуір тиімді мөлшерлемелер ұсынуда (максималды – 17%). Ал мерзімі бір жылдан асатын депозиттер бойынша керісінше ең төмен мөлшерлемелер ұсынуда (минималды - 5,1%).

**3-графика. Толықтыру құқығы бар жинақ салымдар бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер (2024 ж. тамыз)**



## Толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер

11 қатысушы банк толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер ұсынады.


Тамызда мөлшерлемелер бойынша мынадай өзгерістер байқалады:

- 1 әмбебап банк 3 айлық мерзім бойынша сыйақы мөлшерлемесін 1,3 п.т.-қа көтерді және осылайша қазіргі уақытта осы сегментте ең тартымды мөлшерлемені ұсынатын екінші банк болып тұр;
- 1 корпоративтік қатысушы банк ұзақ мерзімді депозиттер бойынша мөлшерлемені 1,1 және 5,6 п.т.-қа төмендетті;
- 1 бөлшек саудалық банк 6 және 24 айлық мерзімдегі депозиттер бойынша мөлшерлемелерді сәйкесінше 0,4 және 1,1 п.т.-қа төмендетті;
- 1 әмбебап банк ұзақ мерзімді депозиттер бойынша (24 айдан жоғары) 4,1 п.т.-қа төмендетті.

Осы сегмент бойынша ең минималды мөлшерлеме 6,3%-ды құрайды және ол мерзімі 24 айдан жоғары депозиттерге белгіленген. Ал максималды мөлшерлеме 18,4%-ды құрайды және ол мерзімі 6 айлық депозиттерге арналған. Нәтижесінде соңғы күнін қоса алғанда, мерзімі 12 айға дейін болатын толықтыру

құқығы жоқ жинақ салымдар бойынша табыстылық нарықтың басқа сегменттеріне қарағанда едәуір жоғарылады. Сондай-ақ бұл сегментте орта мерзімді салымдарда мейлінше тартымды мөлшерлемелер белгіленгені байқалады – барлық қаралып жатқан банктерде 3-6 айлық мерзімдегі салымдар бойынша мейлінше тартымды мөлшерлемелер белгіленген және олар инфляциядан жоғары. Бұл салымдар бойынша толықтыру құқығының жоқтығы банктерге болашақта осы салымдарға қатысты нарықтық мөлшерлемелердің төмендеп кету қаупіне байланысты қауіп-қатерлерін барынша азайтуға мүмкіндік береді. Мерзімі 24 және одан да жоғары айлар бойынша ұзақ мерзімді салымдардың мөлшерлемелерінің тартымдылығы төмен және маусым айынан бері олардың төмендей бастағаны байқалады.

**4-графика. Толықтыру құқығы жоқ жинақ салымдар бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер (2024 ж. тамыз)**



**Тұжырымдар:** 2024 жылдың тамызында сыйақы мөлшерлемелері айтарлықтай өзгерген жоқ. Өйткені қатысушы банктердің көпшілігі мөлшерлемелерді қайта қарамады. Тек кейбірі ғана өздерінің депозиттік саясаты аясында мөлшерлемелерді нүктелі түрде төмендетті немесе көтерді:

- мерзімсіз депозиттер бойынша – 16 банктің 5-уі мөлшерлемені төмендетті, нәтижесінде сегмент бойынша орташа мөлшерлеме 14,1% деңгейінде сақталды;
- толықтыруға болатын мерзімді салымдар бойынша – 4 банктің 1-і мөлшерлемені төмендетті, нәтижесінде сегмент бойынша орташа мөлшерлеме 3 айлық салымдар бойынша төмендеді, қалған мерзімер бойынша өзгеріссіз қалды;
- толықтыру құқығы бар жинақ салымдар бойынша – тамыз айында мөлшерлемелер өзгеріссіз қалды, нәтижесінде сегмент бойынша орташа мөлшерлемелер бұрынғы деңгейінде қалды;
- толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер бойынша – 11 банктің 1-і мөлшерлемелерді өсірсе, 3 банк керісінше төмендетті. Нәтижесінде бұл

сегментте орташа мөлшерлеме 3 айлық мерзімдер бойынша шамалы өссе, 6, 24 және 24 айдан жоғары мерзім бойынша төмендеді, 12 айлық деңгейде бұрынғы деңгейінде сақталды.

Депозиттердің ең танымал түрі – талаптары икемді және сыйақы мөлшерлемесінің ең жоғары деңгейден төмендеу мерзімсіз салымдар болып қалуда. Ал ең табысты салымдар – мерзім 3-тен 12 айға дейінгі мерзімді және жинақ депозиттер болып табылады.

Осылайша қатысушы банктер өздерінің депозиттік өнімдері бойынша пайыздық саясатын депозит нарығының басқа да қатысушыларының мөлшерлемелерін және нарықтың жағдаятын ескеріп, салымдардың түрлері мен мерзімдері бойынша мөлшерлемелердің алшақтығын қысқарта отырып, пайыздық саясатын қалыптастырып жатыр. Бұл бәсекелік нарықтың қалыпты жағдайы. 2024 жылдың қаңтарынан бастап, жеке тұлғалардың депозиттері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін едәуір нарықтық реттеу механизмі енгізілген сәттен бастап, мерзімсіз салымдар бойынша мөлшерлемелер негізінен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің соңынан ілесуде: көтерілсе-көтеріледі, түссе-түседі. Ал мерзімді және жинақ салымдар бойынша мөлшерлемелер ең алдымен банктердің жаңа клиенттерді тартуға деген қажеттілігіне қарай қалыптасады. Сондықтан да банктер қысқа мерзімді салымдарды тартымды ету үшін, олардың мөлшерлемелерін жоғары деңгейде сақтауда.

Инфляция деңгейі біртіндеп түсіп жатыр: 2024 жылдың қаңтарында 9,5% болса, шілдеде 8,6% болды. Демек депозиттік өнімдер бойынша нақты табыстылық айтарлықтай тартымды деген сөз. Оған қоса кепілдіктердің бар екендігін ескеретін болсақ, депозиттер халық үшін ақша жинауда және оны молайтуда ең тартымды, ең қолжетімді және ең қарапайым қаржы құралы болып қала бермек.

ҚДКБҚ тағы да еске салады, кепілді өтемнің мөлшері салымның түрі мен валютасына тікелей байланысты. Сәйкесінше ол:

- теңгелік жинақ салымдар (депозиттер) бойынша – **20 млн теңге**;
- теңгедегі өзге салымдар, шоттар, карточкалар бойынша – **10 млн теңге**;
- шетел валютасындағы шоттар, карточкалар ж/е салымдар бойынша – **5 млн теңгені құрайды**.

Егер салымшы бір банкте әрқалай валютада әртүрлі бірнеше салым ашқан болса, банк лицензиясынан айырылған жағдайда Қор олар бойынша әрбір салымға қатысты белгіленген кепілдік сомасын ескере отырып, жиынтық өтем төлейді. Бірақ оның мөлшері 20 млн теңгеден асырылмайды.